



БҰЙРЫҚ

02.09.2025

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 291
город Балхаш

**Зорлық-зомбылықтан,
жәбірлеуден (буллингтен),
кибербуллингтен балаларды қорғау
жөніндегі үйлестірушіні
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 386 «Зорлық-зомбылыққа ұшыраған немесе куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығының 5 тармағы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Зорлық-зомбылықтан, жәбірлеуден (буллингтен), кибербуллингтен балаларды қорғау жөніндегі үйлестіруші болып Т.К. Сагадатова тағайындалсын.

2. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері сыныпта зорлық-зомбылықтың, жәбірлеудің (буллинг), кибербуллингтің мүмкін белгілеріне назарды үнемі аударсын, зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарға қажетті көмек уақытылы көрсетілсін, оқушылар арасындағы агрессивті мінез-құлықтың кез келген жағдайлары туралы, оның ішінде балағат сөздерді қолдануды қосқанда білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарласын.

3. Педагог-психологтар бекітілген кестеге сәйкес сыныппен жұмыс жасау кезінде және әлеуметтік педагогтер педагогикалық назарды талап ететін балалармен жұмыс жасау кезінде зорлық-зомбылықтың, жәбірлеудің (буллинг), кибербуллингтің мүмкін белгілерін анықтауды жүргізсін.

4. Үйлестіруші баланы жәбірлеу (буллинг) туралы ақпаратты тіркеу журналына анықталған жағдайларды тіркесін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



С.Т. Сыздыкова